

И.Б. Бектаева<sup>1\*</sup>, Г.К. Жапекова<sup>1</sup>, Р. Дрозд<sup>2</sup>, Б.Н. Абдрахманов<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

<sup>2</sup>Помор университеті, Слупск, Польша;

<sup>3</sup>Ә. Марғұлан университеті, Павлодар, Қазақстан

(E-mail: [z\\_indi@mail.ru](mailto:z_indi@mail.ru); [gulfairusk@mail.ru](mailto:gulfairusk@mail.ru); [roman.drozhd@upsl.edu.pl](mailto:roman.drozhd@upsl.edu.pl); [abdrahmanov\\_bayr@mail.ru](mailto:abdrahmanov_bayr@mail.ru))

## XX ғасырдың басындағы қазақ дәстүрлі қоғамының трансформациясы: элеуметтік-мәдени аспектілері

Мақала қарқынды модернизациялық үдерістермен және қоғамдық сананың жаңа формаларының қалыптасуымен сипатталатын XX ғ. басындағы қазақ қоғамының элеуметтік-мәдени трансформациясын талдауға арналған. Қазақ даласының Ресей империясының әкімшілік, экономикалық және мәдени кеңістігіне енгізілуі жағдайында дәстүрлі элеуметтік қатынастар мен құндылықтар жүйесі елеулі өзгерістерге ұшырады. Сондықтан мақалада мәдениет, білім беру, бірегейлік және қоғамдық ой саласындағы өзгерістерге ерекше назар аударылады. Бұл үдерістер дәстүрлі қоғамдық үлгіден модернизацияланған элеуметтік құрылымға өтуді бейнелейді. Авторлар ру-тайпалық бірегейліктің трансформациясын, элеуметтену тетіктерінің эволюциясын және жазба мәдениеттің таралуы мен білім деңгейінің өсуі жағдайында дәстүрлі институттардың рөлінің өзгеруін қарастырады. Орыс-қазақ білім беру жүйесінің, мұсылмандық оқу орындарының қызметінің және қазақ зиялыларының реформаторлық идеяларының жаңа мәдени кеңістіктің қалыптасуына ықпалы талданған. Білім беру мен ағартушылық элеуметтік модернизацияның және мәдени өзгерістерді пайымдаудың негізгі құралдары ретінде көрсетіледі. Зерттеуде XX ғ. басындағы публицистика мен мерзімді баспасөзді талдауға айрықша орын беріледі. Бұл басылымдарда қазақ қоғамының даму жолдары, ұлттық тілдің рөлі, дәстүрлі құндылықтар мен модернизациялық ұстанымдардың арақатынасы туралы пікірталастар көрініс тапқан. Аталған дереккөздер ұлттық өзіндік сананың қалыптасу үдерістерін және ру-тайпалық тиесілілікке емес, мәдени-ұлттық белгілерге негізделген жаңа элеуметтік бірегейліктің орнығуын айқындауға мүмкіндік береді. Мақаланың қорытынды бөлімінде XX ғ. басындағы қазақ қоғамының элеуметтік-мәдени трансформациясы дәстүр мен модернизация элементтерін ұштастырған күрделі әрі қайшылықты сипатта болғаны тұжырымдалады. Бұл кезең кейінгі онжылдықтардағы элеуметтік-мәдени өзгерістердің негізін қалап, қазақ ұлттық бірегейлігінің қалыптасуында маңызды рөл атқарды.

*Кілт сөздер:* қазақ қоғамы, XX ғ. басы, элеуметтік-мәдени трансформация, ұлттық өзіндік сана, модернизация, зиялы қауым, білім беру, мерзімді баспасөз, «Айқап» журналы, «Қазақ» газеті.

### *Kipicne*

XX ғ. басы Қазақстан тарихында дәстүрлі қоғамдық құрылымның дағдарысқа ұшырап, қоғамдық сананың жаңа формалары қалыптасқан терең элеуметтік-мәдени трансформация кезеңі ретінде ерекше орын алады. Дәл осы кезеңде құндылықтар жүйесінде, мәдени бағдарларда және элеуметтік бірегейліктерде сапалық өзгерістер орын алып, олар қазақ халқының кейінгі тарихи дамуына ұзақ мерзімді ықпал етті. Модернизациялық үдерістердің күшеюі, отарлық ықпалдың артуы және мәдени байланыстардың кеңеюі жағдайында дәстүрлі қазақ қоғамы жаңа элеуметтік шындықтарға бейімделу қажеттілігіне тап болды. Сондықтан тқазіргі уақытта XX ғ. басындағы қазақ қоғамының элеуметтік-мәдени трансформациясын зерттеудің өзектілігін бірнеше факторлармен айқындауға болады: біріншіден, бұл кезең ауызша дәстүрге негізделген мәдениеттен жазба қоғамдық ойдың қалыптасуына өтумен сипатталады және бұл үдеріс мерзімді баспасөздің, публицистиканың және ұлттық зиялы қауымның қалыптасуы арқылы көрініс тапты. Бұл өзгерістер дәстүрлі құндылықтардың жойылмай, қайта пайымдалып, жаңа тарихи жағдайларға бейімделуі негізінде мәдени дамудың сапалық жаңа кезеңінің қалыптасқанын көрсетеді; екіншіден, XX ғ. басында қазақтың ұлттық өзіндік санасының қалыптасу үдерісі жеделдей түсті, бұл аталған кезеңді ұлттық консолидация тетіктерін түсіну тұрғысынан маңызды етеді. Элеуметтік-мәдени өзгерістер бірегейліктің трансформациясынан, білім беру жүйесінің, тіл мен мәдениеттің қоғамдық өмірдегі рөлінің өзгеруінен айқын көрініс тапты. Бұл үдерістерді зерттеу қазіргі ұлттық мәдениет, элеуметтік жауапкершілік және қоғамдық даму туралы түсініктердің тарихи бастауларын анықтауға мүмкіндік береді; үшіншіден, қазіргі уақытта

\* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: [z\\_indi@mail.ru](mailto:z_indi@mail.ru)

постотарлық және трансформациялық қоғам контекстінде дәстүр мен модернизацияның өзара арақатынасы мәселесіне деген қызығушылық артып отыр. Сондықтан ХХ ғ. басындағы қазақ қоғамының тәжірибесіне жүгіну дәстүрлі мәдениеттің модернизация жағдайына тарихи тұрғыдан бейімделу формаларын қарастыруға мүмкіндік береді. Аталған кезеңді талдау мәдени дамудың сабақтастығын және әлеуметтік өзгерістер жағдайындағы дәстүрлі құндылықтардың орнықтылығын тереңірек ұғынуға жол ашады.

ХХ ғ. басындағы саяси тарих пен әлеуметтік-экономикалық үдерістерге арналған зерттеулердің едәуір көлемде болуына қарамастан, қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени трансформациясы мәселесі әлі күнге дейін жеткілікті деңгейде жүйеленбеген. Көптеген еңбектерде бұл мәселе фрагментарлы түрде қарастырылып немесе саяси оқиғаларды талдауға бағынышты болып келеді, бұл мәдени және әлеуметтік өзгерістердің өзіндік ерекшеліктерін толық ашуға мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты публицистикалық дереккөздерге, мерзімді баспасөз материалдарына және қазақ қоғамының ішкі рефлексиясын бейнелейтін мәтіндерге негізделген әлеуметтік-мәдени үдерістерді кешенді зерттеу қажеттілігі туындайды.

Осылайша ХХ ғ. басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени трансформациясын зерттеу ғылыми тұрғыдан өзекті әрі әдіснамалық жағынан негізделген болып табылады. Аталған мәселені зерделеу зерттеліп отырған кезеңдегі тарихи өзгерістердің сипатын тереңірек ашуға ғана емес, сонымен қатар мәдени модернизация, ұлттық бірегейлік және әлеуметтік динамика үдерістерін тарихи перспективада пайымдауға мүмкіндік береді. Зерттеудің мақсаты — ХХ ғ. басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени модернизация үдерістерін дәстүрлі құндылықтар мен модернизациялық ұстанымдардың арақатынасы тұрғысынан талдау.

#### *Материалдар және әдістер*

Зерттеудің деректік материалдарын ХХ ғ. басындағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік-мәдени үдерістерді бейнелейтін архивтік, жарияланған және электрондық дереккөздер құрайды. Дереккөздердің негізгі тобын орталық және аймақтық архивтердің материалдары құрайды, олар әкімшілік саясаттың ерекшеліктерін, білім беру жүйесінің жай-күйін, жергілікті басқару органдары қызметінің нәтижелерін, сондай-ақ қазақ халқының қоғамдық көңіл-күйіндегі өзгерістерді қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің құжаттары, соның ішінде облыстық басқармалар мен жергілікті әкімшілік органдардың қор материалдары пайдаланылды. Атап айтқанда, зерттеу үшін 369-ыншы (Ақмола облыстық басқармасы) қорының есептері, қызметтік хат алмасулары мен халықтың әлеуметтік-мәдени жағдайына арналған шолулары маңызды болды. Сонымен қатар 25-інші (Торғай облыстық басқармасы) қорының құжаттары пайдаланылды, бұл қорда білім беру ісінің дамуы, мектептердің қызметі және қазақ қоғамының білімді өкілдерінің қоғамдық өмірге қатысуы туралы мәліметтер қамтылған және жекелеген істерде әкімшілік органдардың қазақ зиялыларының қызметіне және мерзімді баспасөзге деген көзқарасы көрініс тапқан.

Дереккөздердің маңызды тобын жарияланған ресми статистикалық материалдары — 1902, 1905, 1910 және 1913 жылдарға арналған Ақмола, Торғай және Жетісу облыстарының «Шолулары» құрайды. Ақмола, Торғай және Жетісу облыстарының эмпирикалық негіз ретінде таңдап алынуы әдіснамалық және тарихи-географиялық факторлармен байланысты. Аталған облыстар Дала және Түркістан аймақтарының негізгі әкімшілік-территориялық бірлігі және қазақтардың айтарлықтай бөлігі қоныстанған облыстары болып саналады. Ақмола және Торғай облыстары Дала генерал-губернаторлығының құрамына, ал Жетісу облысы Түркістан өлкесіне қарағаны белгілі, ал мұндай таңдау екі әкімшілік жүйедегі модернизациялық үдерістердің ерекшеліктерін қарастыруға мүмкіндік берді. «Шолуларда» оқу орындарының желісі, оқушылар саны, сондай-ақ халықтың әлеуметтік-мәдени жағдайына қатысты сандық деректер қамтылған. Аталған материалдар аймақтар арасындағы салыстырмалы талдау жүргізуге және білім беру мен мәдени үдерістердің біркелкі дамуына анықтауға мүмкіндік берді.

Мақалада ХХ ғ. басындағы қазақ мерзімді баспасөзінің материалдары да маңызды орын алады. Атап айтқанда, 1911–1915 жылдары жарық көрген «Айқап» журналы мен 1913–1918 жылдар аралығында шыққан «Қазақ» газеті қоғамдық ойдың дамуы мен ұлттық бірегейліктің трансформациясын зерттеудің негізгі дереккөздері ретінде пайдаланылды. Бұл басылымдарды талдау Қазақстанның ұлттық электрондық кітапханасының (KazNEB) қорларында сақталған факсимильді

электрондық көшірмелер негізінде жүргізілді, бұл мәтіндердің түпнұсқалығын, жариялану мерзімін және тақырыптық құрылымын нақты айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеуде XX ғ. басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени трансформациясын модернизациялық және отарлық үдерістер аясында жан-жақты талдауға мүмкіндік беретін пәнаралық әдістер кешені қолданылды. Жұмыстың әдіснамалық негізін зерттеліп отырған құбылыстарды олардың даму динамикасында, өзара байланысында және нақты тарихи контексте қарастыруды көздейтін тарихилық және жүйелілік қағидаттары құрайды. Бұл қағидаттар өтпелі кезеңдегі қазақ қоғамының әлеуметтік институттарының, құндылықтық бағдарларының және мәдени бірегейлік формаларының эволюциясын айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеудің негізгі әдісі ретінде тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылып, оның көмегімен жаңа саяси, экономикалық және білім беру факторларының ықпалымен дәстүрлі әлеуметтік-мәдени тәжірибелердегі өзгерістер анықталды. Тарихи-типологиялық әдіс әлеуметтік трансформация формаларын (билік құрылымындағы, білім беру жүйесіндегі, отбасылық және гендерлік қатынастардағы, мәдени нормалардағы өзгерістер) жіктеу үшін, сондай-ақ дәстүрлі қоғамдағы тұрақты және өзгеріске ұшыраған элементтерді анықтау мақсатында пайдаланылды.

Сонымен қоса XX ғ. басында жарық көрген «Қазақ» және «Айқап» басылымдарының материалдарын талдау барысында контент-талдау әдісі қолданылды. Бұл әдіс «Қазақ» және «Айқап» басылымдары арқылы қазақ қоғамындағы әлеуметтік-мәдени трансформация үдерістерін бейнелейтін негізгі тақырыптарды анықтауға мүмкіндік берді және осының нәтижесінде тақырыптық басымдықтардың динамикасы диаграмма түрінде берілді.

#### *Нәтижелері*

XX ғ. басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени трансформациясы Ресей империясының отарлық саясаты жағдайында қалыптасқан тарихи және әлеуметтік факторлардың, сондай-ақ модернизациялық үдерістердің тереңдеуінің нәтижесінде жүзеге асты. Қазақ даласының империялық әкімшілік-құқықтық кеңістікке енгізілуі дәстүрлі өзін-өзі басқару институттарының біртіндеп әлсіреуіне және ру-тайпалық құрылымның әлеуметтік реттеудің негізгі тетігі ретіндегі рөлінің төмендеуіне алып келді. Бұл туралы М.Қ. Қозыбаев далалық өңірлердің империялық басқару жүйесіне кіріктірілуі қазақ қоғамының саяси және әлеуметтік ұйымдасуына елеулі өзгерістер енгізіп, оның құндылықтық бағдарларына да әсер етті [1; 45] деп атап көрсетеді. Атап өту қажет, мұндай құрылымдық өзгерістердің маңызды алғышарттарының бірі XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында жүргізілген әкімшілік реформалармен байланысты болды. Өзімізге белгілі, уездік-болыстық басқару жүйесінің енгізілуі империялық бюрократиялық бақылауды күшейтті, хандық биліктің жойылуы және дәстүрлі элитаның (сұлтандар мен билердің) өкілеттіктерінің шектелуі қоғамдық иерархияның сипатын өзгертті. Бұл туралы К.Н. Нұрпейісов XX ғ. басына қарай әдет-ғұрып құқығының (адаттың) қоғамдық өмірдегі ықпалы бірқатар салаларда әлсіреп, оның орнын империялық заңнама нормалары баса бастады [2; 112] деп атап көрсетеді. Аталған үдерістер нәтижесінде әлеуметтік коммуникация формалары өзгеріп, дәстүрлі мінез-құлық нормалары қайта қаралды. Бұрын қоғамдық реттеу негізінен ру институттары мен әдет нормалары арқылы жүзеге асса, жаңа жағдайда ресми басқару құрылымдарының, жазбаша құжат айналымының және сот рәсімдерінің рөлі артты. Бұл ауызша дәстүрге негізделген құқықтық мәдениеттен жазбаша әкімшілік модельге көшуге алғышарт жасады. Өз кезегінде мұндай өзгерістер білім беру мен мәдени жаңашылдықтарды қабылдауға бейім жаңа әлеуметтік ортаның қалыптасуына ықпал етті.

XX ғ. басында қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени трансформациясы дәстүрлі жүйенің қоғамдық ұйымдасу формаларын, әлеуметтену тетіктерін және мәдени мұраның берілу тәсілдерін айқындайтын негізгі элементтерін қамтыды. Өзгерістер кешенді сипатта болып, ең алдымен ру-тайпалық байланыстардың әлсіреуінен, құндылықтар жүйесінің өзгеруінен және мәдени коммуникация формаларының қайта құрылуынан көрінді. Ең айқын үдерістердің бірі — ру-тайпалық құрылымның әлеуметтік өмірді реттеудің негізгі механизмі ретіндегі рөлінің біртіндеп әлсіреуі болды. Дәстүрлі қоғамда руға тиесілі адамның әлеуметтік мәртебесін, мінез-құлық нормаларын және қоғамдық жауапкершілігін айқындайтын басты фактор саналды. Алайда XX ғ. басында бұл жүйе білімді зиялы қауым тарапынан сынға ұшырай бастады. Мәселен, «Айқап» журналында руға бөліну мен ішкі тұйықтықтың қоғамдық дамуға кедергі келтіретіні туралы «*Біздің көп бәлеміздің түбі — руға бөлініп, әркім өз руының ғана қамын жеуінде*» [3] деп атап көрсетіледі. Әкімшілік деңгейдегі құжаттар да осындай өзгерістердің орын алғанын дәлелдейді. Мысалы, Ақмола облыстық

басқармасының есептерінде шаруашылық және сот мәселелерін шешу барысында «рулық қатынастардың тұрақты басқарудың негізі бола алмай отырғаны» көрсетіледі [4]. Бұл ру жүйесінің әмбебап реттеуші функциясының біртіндеп әлсірегенін аңғартады. Сонымен қатар құндылықтар жүйесі мен әлеуметтену тетіктерінде де елеулі өзгерістер байқалды. Әдет нормалары мен жасы үлкендердің беделі маңызын толық жоймағанымен, жаңа әлеуметтік жағдайларға сәйкес келмейтін құбылыс ретінде жиі бағалана бастады. Мысалы, «Қазақ» газетінде қоғамдық жаңарудың қажетті шарты ретінде моральдық ұстанымдардың өзгеруі туралы *«Заман өзгерді, заманмен бірге тәртіп те, мінез де өзгеруге тиіс»* [5] деп көрсетілген. Торғай облыстық басқармасының іс жүргізу материалдарында дәстүрлі нормалардың жаңа әлеуметтік ұйымдасу формаларымен сәйкессіздігінен туындаған қақтығыстардың өскені тіркеліп, бұл жағдай «қоғамдық қатынастардың өтпелі күйі» ретінде сипатталған [6; 6].

Трансформацияның маңызды құрамдас бөлігі мәдени мұраны жеткізу формаларының эволюциясы болды. Ауызша дәстүр — эпос, айтыс, жыраулық институт — ХХ ғ. басында да қоғам өмірінде елеулі рөлін сақтады. Дегенмен осы кезеңде жазбаша мәдениеттің маңызы айтарлықтай арта түсті. Публицистикалық еңбектерде ру шеңберінен тыс бүкіл қоғамды біріктіре алатын күш ретінде жазбаша сөздің рөлі ерекше атап көрсетілді. Мәселен, «Айқап» журналында: *«Жазу арқылы халықтың ойы оянып, бірлікке келеді»* [7] деп көрсетілуі жазба мәдениеттің қоғамдық санаға ықпалын айқындайды. Ауызша коммуникациядан жазбаша формаға көшу мәдени кеңістікті кеңейтіп, тіл, білім беру, ағарту және мәдени даму мәселелері жүйелі түрде талқыланатын қоғамдық дискурстың қалыптасуына жағдай жасады. Жазбаша сөз әлеуметтік байланыстарды нығайтып, аймақаралық ақпарат алмасуды жеделдетіп, ұлттық деңгейдегі ой-пікірдің орнығуына ықпал етті. Бұл өзгерістер дәстүрлі мәдени бедел институттарына да әсер етті. Би, жырау және діни қайраткерлер әлеуметтік нормаларды түсіндіру мен бағыт-бағдар беруде бұрынғыдай абсолютті үстемдікке ие бола алмады. Олардың орнына жаңа мәдени білім иелері — қазақ зиялылары, оқыған азаматтар шықты. Бұл туралы «Қазақ» газетінде: *«елге жөн сілтейтіндер — оқығандар болуы тиіс»* [8] деп жазылуы мәдени көшбасшылық туралы түсініктің өзгергенін көрсетеді.

Атап өту қажет, ХХ ғ. басындағы мерзімді баспасөз қазақ қоғамында әлеуметтік-мәдени идеялардың қалыптасуы мен таралуының маңызды кеңістігіне айналды. Дәл осы баспасөз арқылы білім, тіл, мәдениет, дін және қоғамдық даму мәселелері жүйелі түрде көтеріліп, талқыланды. Осы құбылыс дәстүрлі ауызша коммуникациядан жазбаша қоғамдық дискурсқа өтудің айқын белгісі болды. Газет-журналдар тек ақпарат жеткізуші құрал ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік мобилизация мен мәдени рефлексияның тетігі қызметін атқарды. Бұл үдерісте «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті маңызды рөл атқарып, әлеуметтік-мәдени мәселелерді талқылаудың негізгі алаңына айналды. Екі басылым да ағартушылық пен мәдени жаңаруды мақсат тұтқанымен, мазмұндық басымдықтары мен тәсілдерінде белгілі бір айырмашылықтар байқалды.


«Айқап» журналы білім беру мен әлеуметтік модернизация мәселелеріне ерекше көңіл бөлді. Журнал беттерінде сауаттылық пен мектеп ісін дамыту дәстүрлі қоғамның артта қалушылығын еңсерудің басты шарты ретінде қарастырылды. Мәселен, *«Оқу — елді түзейтін ең басты құрал»* [9] деген тұжырым білімнің қоғамдық жаңарудағы жетекші рөлін айқындайды. Журнал авторлары руға бөлінушілік, әлеуметтік енжарлық пен консерватизмді мәдени дамуға кедергі келтіретін факторлар ретінде сынға алды. Сонымен бірге «Айқап» модернизациялық идеяларды адамгершілік және діни құндылықтарды сақтай отырып жүзеге асыруды ұсынды және бұл ұсынылған реформалардың бейімделмелі, эволюциялық сипатта болғанын көрсетеді.

Ал «Қазақ» газеті қоғамдық-саяси және ұлттық мәселелерге айқынырақ бағытталды. Оның жарияланымдарында әлеуметтік-мәдени мәселелер ұлттық өзіндік сананың қалыптасуы және білімді қауымның жауапкершілігі контекстінде қарастырылды [10]. Мысалы, газеттің 1914 ж. 14-ші санында *«Ел болам десең, бесігіңді түзе — ол бесік мектеп»* [11] деп көрсетілуі ой мектеп пен тәрбиенің ұлттық болашақпен тікелей байланысын білдіреді. Газет беттерінде тіл мен мәдениет мәселелеріне ерекше назар аударылып, тіл тек қатынас құралы ғана емес, ұлттық бірліктің негізі, мәдени бірегейліктің басты тірегі ретінде түсіндірілді. Модернизация жағдайында тілді сақтау және дамыту ұлттық тұтастықты қамтамасыз етудің маңызды шарты ретінде бағаланды [2].


Екі басылым да қоғамдық өмірдегі зиялы қауымның рөлін белсенді түрде талқылады. «Қазақ» газетінде қоғамды жаңару жолына бағыттап отырып, мәдени және адамгершілік көшбасшылық қызметін дәл осы «оқығандар» өз мойнына алуы тиіс екені атап көрсетілді. Ал «Айқап» журналында

негізгі назар қоғамның ұжымдық жауапкершілігіне және реформаларды біртіндеп жүзеге асыру қажеттілігіне аударылды.

Зерттеудің нәтижесінде, «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналының тақырыптық құрылымындағы айырмашылықтар айқындалды (1, 2-суреттер).



1-сурет. 1913-1915 жылдары басылып шыққан «Қазақ» газетінің тақырыптық құрылымы



2-сурет. 1912-1913 жылдары басылып шыққан «Айқап» журналының тақырыптық құрылымы

Есептеу нәтижелері екі басылымның тақырыптық басымдықтарында айырмашылық бар екенін көрсетеді. «Айқап» журналында білім беру мен ағартуға арналған материалдар іріктеме бойынша жарияланымдардың жалпы көлемі шамамен 30–35 %-ды; дәстүрлі қоғамдық құрылымды әлеуметтік сынға алған мақалалар (рулық қақтығыстар, әлеуметтік енжарлық) — шамамен 25 %-ды; дін мен мораль мәселелері — 15–20 %-ды; тіл және мәдениет тақырыптары — шамамен 15 %-ды құрайды. Осылайша, «Айқап» негізінен әлеуметтік-реформаторлық және ағартушылық мәселелерге шоғырланған, бұл оның біртіндеп мәдени модернизация алаңы ретіндегі рөлін дәлелдейді.

Ал «Қазақ» газетінде өзге көрініс байқалады: тіл, мәдениет және ұлттық өзіндік сана мәселелеріне арналған жарияланымдар шамамен 35–40 %-ды; білім беру тақырыбы — 25–30 %-ды; зиялы қауымның рөлі мен қоғамдық жауапкершілік туралы мақалалар — шамамен 20 %-ды құраған; дәстүрлі құрылымды әлеуметтік сынға алу — 15 %-дан аз болған. Бұл «Қазақ» газетінің ұлттық-мәдени және мобилизациялық бағыттылығының айқынырақ болғанын көрсетеді, онда әлеуметтік-мәдени мәселелер ұлттық бірегейлікті қалыптастырумен тығыз байланыста қарастырылды.

Осылайша, «Айқап» пен «Қазақ» бірін-бірі қайталамаған, керісінше, қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясында әртүрлі функция атқарған. Біріншісі біртіндеп әлеуметтік және мәдени жаңаруға бағытталса, екіншісі ұлттық сананы шоғырландыру мен зиялы қауымның қоғамдық рөлін белсендіруге бағдарланған.

XX ғ. басындағы қазақ қоғамында жаңа әлеуметтік-мәдени кеңістіктің қалыптасуында білім беру мен ағартушылық шешуші факторлардың бірі болды. Оның маңызы тек білім берумен шектелмей, әлеуметтік рөлдердің өзгеруімен, құндылықтық бағдарлардың қайта қаралуымен, коммуникациялық модельдердің трансформациясымен және өзін-өзі тану тетіктерінің қалыптасуымен байланысты болды. Орыс-қазақ мектептерінің, реформаланған мұсылман оқу орындарының және ұлттық публицистиканың дамуы модернизациялық дискурстың институционалдануына және жаңа қоғамдық органның қалыптасуына ықпал етті. Мысалы, 1900 ж. Ақмола және Торғай облыстық басқармаларының есептеріне сәйкес өңірде шамамен 90 орыс-қазақ мектебі жұмыс істеген, онда 3,5–4 мыңға жуық оқушы білім алған. Оқушылардың жалпы санының 70 пайыздан астамын қазақ балалары құраған [12; 12]. Бұл мәліметтер жаңа мектеп желісінің негізінен жергілікті халыққа бағытталғанын көрсетеді.

Келесі онжылдықта архивтік статистика мектеп желісінің тұрақты өскенін тіркейді. 1910 ж. Торғай облыстық басқармасының материалдарында орыс-қазақ мектептерінің саны 150–160-қа дейін артқаны, ал оқушылар саны 7–8 мың адамға жеткені көрсетіледі [13; 3]. Алайда бұл құжаттарда мектептермен көшпелі халықтың тек аз ғана бөлігі қамтылғаны атап өтіледі. Бұл білім беру модернизациясының құрылымдық тұрғыдан шектеулі болғанын білдіреді: халықтың аумақтық шашыраңқылығы, шаруашылықтың көшпелі сипаты және материалдық базаның жеткіліксіздігі балаларды толық көлемде мектеппен қамтуға мүмкіндік бермеді.

1902 ж. «Ақмола облысының шолуы» деректеріне сәйкес, ауылдық мектептер желісі өте шектеулі болды: 6 ауылдық мектеп тіркеліп, онда 122 бала оқыған, оның ішінде 111-і ұл, 11-і қыз [14]. Бұл біріншіден, Дала аймақтарында бастауыш білім берудің институционалдық тығыздығының төмендігін; екіншіден — мектепке қолжетімділіктегі тұрақты гендерлік асимметрияны көрсетеді, яғни қыз балалардың қатысуы ерекше жағдай сипатында болған. Ал 1905 ж. «Ақмола облысының шолуында» мектеп желісінің кеңеюі көрсетіледі: 14 ауылдық мектеп және 2 болыстық мектеп, ал оқушылардың жалпы саны 304 адамға жеткен (жарияланымда 296 ұл және 5 қыз деп бөлінісі берілген, бұл арифметикалық тұрғыдан жалпы санмен сәйкес келмейді және деректің берілуіндегі ақауды көрсетуі мүмкін) [15; 58]. 1902 жылмен салыстырғанда өсім болғанымен, сапалық мәселе сақталды: білім беру әлі де тар ауқымды болып қалды, ал қыз балалар құрылымдық тұрғыдан жеткіліксіз қамтылды. Бұл отбасы мен қауымның «жаңа» мектеп моделіне әлсіз тартылғанын және дәстүрлі әлеуметтену тәжірибесінің сақталғанын көрсетеді.

1913 ж. «Торғай облысының шолуы» бойынша жинақталған материалдар орта оқу орындары болғанымен, жергілікті халықтың қатысуы өте төмен деңгейде қалғанын көрсетеді. Мәселен, 1913 жылы Торғай облысында 235 оқушы қыздың ішінде «инородец» қатарынан тек 2 қыз тіркелген (гимназиялық/орта білім контексінде), бұл жергілікті халықтың, әсіресе қыз балалардың, орта білім арналарына қатысуы символикалық деңгейде болғанын көрсетеді [16; 84].

Бастауыш мектеп пен орыс-қырғыз оқу орындары деңгейінде мәселе өзгеше көрінді: Торғай облысының болыстық орыс-қырғыз мектептері бойынша статистика қазақ оқушылары санының 378-ден (1891) 2114-ке (1907) дейін өскенін көрсетеді, бұл сұраныстың және/немесе әкімшілік ұсыныстың кеңейгенін білдіреді. Алайда сол материалдарда дамудың интернаттар мен қаржылық қолдауды талап еткені атап өтіледі, себебі көшпелі ауылдардың шашыраңқылығы мен қашықтығы қиындық тудырған; қоғамдық қаржыландыру нысандары да тіркелген. Демек, негізгі шектеуші факторлар тек «мәдени» кедергілер ғана емес, сонымен бірге инфрақұрылымдық қолжетімсіздік (қашықтық, тұру, шығындар) болды, бұл білім алуды қауым мен жекелеген меценаттардың ресурстарына тәуелді етті.

Жетісу облысы үшін гимназиялық әйелдер білімінің динамикасы маңызды көрсеткіш, оны «Шолулар» негізінде анықтауға болады: 1885–1909 жылдар аралығында гимназияда оқыған қыздардың саны 107-ден 471-ге дейін өскен (4 еседен астам өсім). Сонымен қатар «Жетісу облысының 1909 ж. шолуының» 1919 жылы басылып шығуы статистиканың жиналуы мен жариялануы арасындағы алшақтықты көрсетеді; дегенмен осындай кідіріс болғанына қарамастан, дереккөз модернизацияның ең алдымен қалалық және жартылай қалалық арналар арқылы жүргенін, ал ауылдық/көшпелі ортадағы жаппай мектептің әлсіз болғанын көрсетеді. Жетісу облысының «Шолулары» деректері бойынша элиталық оқу орындарында қазақ оқушыларының өте шектеулі түрде ұсынылғаны байқалады: Верный ерлер гимназиясында 1909–1913 жылдары қазақ оқушыларының саны 13–14 адам деңгейінде болған, ал 1913 жылы 13 адамды құраған. Бұл білім беру институттары болғанымен және жекелеген көрсеткіштер өскенімен, орта білімнің әлеуметтік базасы жергілікті халық арасында сол күйінде қалғанын айқындайды [17–18].

Осылайша, архивтік статистикалық деректер негізінде жүргізілген зерттеу нәтижелері XX ғ. басында қазақ қоғамындағы білім беру жүйесі сандық өсім мен сапалық шектеулердің қайшылықты үйлесімі жағдайында дамығанын көрсетеді. Мектептер мен оқушылар санының артуы сауаттылықтың өте төмен деңгейінің, айқын гендерлік теңсіздіктің және өңірлік қамтудың біркелкі еместігінің сақталуымен қатар жүрді. Бұл деректер мектепті әлеуметтік-мәдени трансформацияның маңызды, бірақ әлі жаппай сипат алмаған құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді және XX ғасыр басындағы қоғамдық дискурста білім мәселесінің өткір көтерілуін түсіндіреді.

Дәстүрлі қазақ қоғамының трансформациясында усул-и жадид (жәдидизм) идеяларының таралуымен байланысты ішкі модернизациялық серпіннің маңызды рөл атқарғанын атап өткен жөн. Дәл осы жәдидизм дәстүрлі қоғамдық ұйымдасу моделінен модернизацияланушы ұлттық құрылымға өтуді қамтамасыз еткен интеллектуалдық және институционалдық тетік ретінде көрінді. Жәдидизмнің алғашқы әрі айқын көрінісі мұсылман мектебін реформалаумен байланысты болды. Оқытудың «жаңа әдісі» (сауатты дыбыстық принцип бойынша меңгерту, баспа оқулықтарды пайдалану, зайырлы пәндерді енгізу) дәстүрлі қадимистік медресенің сипатын бұзды.

Мысалы, Қазақстанның оңтүстік өңірлері үшін маңызды білім беру орталығы болған Түркістан өлкесінде 1911 ж. қарай 63 жаңа әдісті мектеп жұмыс істеп, онда 4106 оқушы білім алған, ал 1910 жылы Ташкенттің өзінде 24 мектепте 1740 оқушы оқыған [19]. Бұл көрсеткіштер қозғалыстың институционалдық ауқымын және оның білім беру желісі ретіндегі тұрақтылығын көрсетеді. Қазақ жастары осы білім беру кеңістігіне белсенді түрде тартылды. Орынбордағы «Хусаиния» медресесінде жекелеген жылдары 500-ге дейін студент оқыған [20]. Зерттеулерде қазақ облыстарынан келген шәкірттердің болғаны атап көрсетіледі, бұл далалық өңірдің бүкілресейлік мұсылмандық модернизациялық инфрақұрылымға кіріктірілгенін білдіреді [21; 85]. Осылайша, жәдидизм жаңа типтегі мұғалім мен ағартушыны жүйелі түрде даярлауды қамтамасыз етті.

Жазу реформасы мен оқулықтардың жасалуы ерекше маңызға ие болды. Ахмет Байтұрсынұлы дыбыстық принципке негізделген оқыту жүйесін әзірлеп, «Оқу құралы» еңбегін (1912 және кейінгі басылымдар) жарыққа шығарды. 1912–1928 жылдар аралығындағы басылымдарға жүргізілген библиографиялық талдау оқулықтың бірнеше рет қайта басылғанын көрсетеді [22], бұл оның білім беру тәжірибесінде кеңінен қолданылғанын айғақтайды. Бұл дерек жәдидизмнің мектептің институционалдық құрылымына ғана емес, оқыту технологиясына және қазақ жазба мәдениетін стандарттауға да ықпал еткенін көрсетеді.

Келтірілген мәліметтер негізінде жәдидизм ықпалының нақты келесідей нәтижелерін бөліп көрсетуге болады: мыңдаған оқушыны қамтыған модернизацияланған мектептер желісінің құрылуы; жаңа типтегі медреселер арқылы білім беру мобильділігінің қалыптасуы; мыңдаған жазылушысы бар және жүздеген саны жарық көрген мерзімді басылымдар арқылы тұрақты қоғамдық кеңістіктің қалыптасуы; жаңа үлгідегі оқулықтар арқылы жазу жәдидизмнің шеткері интеллектуалдық құбылыс емес, әлеуметтік-мәдени трансформацияның жүйе құраушы факторы болғанын көруімізге болады. Оның ықпалы институционалдық, мәдени-нормативтік және әлеуметтік-құрылымдық сипатқа ие болды, бұл усул-и жадид қозғалысын модернизациялық өзгерістердің ішкі механизмі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар XX ғ. басында қазақ зиялыларының қалыптасуы дәстүрлі қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясының маңызды нәтижелерінің бірі болды. Оның ру-тайпалық элитадан айырмашылығы, жаңа әлеуметтік топтың мәртебесі шығу тегіне емес, білім деңгейіне, жазба мәдениетін меңгеруіне және қоғамдық өмірге белсенді қатысуына негізделді. Зиялы қауым модернизациялық идеялардың тасымалдаушысы әрі дәстүрлі мәдениет пен жаңа әлеуметтік модельдер арасындағы делдал ретінде әрекет етті.

Қазақ зиялыларының қалыптасуының әлеуметтік базасын орыс-қазақ мектептерін, мұғалімдер семинарияларын, қалалық училищелерді және жаңартылған медреселерді тәмамдаған түлектер құрады. Торғай облыстық басқармасының архив материалдарында білімді тұлғалардың әкімшілік және ағартушылық қызметке жиі тартылғаны және олардың «қырғыз (қазақ) халқының қоғамдық көңіл-күйіне елеулі ықпал еткені» көрсетіледі [23; 8–9]. Сан жағынан бұл топ шағын болғанымен, оның мәдени және әлеуметтік ықпалы салыстырмалы түрде жоғары болды. Қалыптасып келе жатқан зиялы қауымның көрнекті өкілдері қатарында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов болды. Олардың қызметі білім беру, публицистика, тіл саясаты және қоғамдық ағарту салаларын қамтыды. Ә.Байтұрсынұлы әліпби мен мектеп реформасын халықтың мәдени дамуының қажетті шарты ретінде қарастырып, жүйелі білім беру жүйесіз қоғамдық сананың қалыптасуы мүмкін

емес екенін атап көрсетті [10; 45]. М. Дулатов публицистикасында мәдени артта қалушылықты ағартудың және білімді топтардың әлеуметтік жауапкершілігінің жеткіліксіздігімен тікелей байланыстырды [24; 62].

Зиялы қауымның әлеуметтік-мәдени қызметі әсіресе баспасөз және қоғамдық рефлексия саласында айқын көрінді. «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналы зиялылар мәдени жаңару бағдарламаларын тұжырымдап, тіл, білім, дін және әлеуметтік ынтымақтастық мәселелерін талқылаған негізгі алаңдарға айналды. Қазақ зиялылары қызметінің маңызды ерекшелігі — дәстүрден толықтай үзілуге (бас тартуға) емес, оны қайта пайымдауға ұмтылыс жасауымен белгілі болды. Олар ру-тайпалық қатынастар мен ішкі қақтығыстарды сынға алғанымен, тілдің, мәдени нормалардың және діни құндылықтардың сақталуын қолдап, оларды модернизация жағдайына бейімдеуді көздеді. Қазіргі зерттеушілер XX ғ. басындағы зиялылар «мәдени делдалдық» логикасында әрекет еткенін, дәстүрлі және жаңғыртылған дүниетаным элементтерін ұштастырғанын атап өтеді [25; 120–123]. Атап өту қажет, архив құжаттары отарлық әкімшіліктің қазақ қоғамының білімді бөлігіне сақтықпен қарағанын да көрсетеді. Ішкі істер министрлігінің материалдарында «туземдік интеллигенцияның» баспасөз және білім беру бастамалары арқылы ықпалының күшейгені атап көрсетіліп, бұл қоғамдық пікірдің қалыптасу факторы ретінде бағаланған [26; 9–13]. Бұл зиялы қауымның билік тарапынан маңызды әлеуметтік-мәдени субъект ретінде қабылданғанын аңғартады.

Осылайша, зерттеу нәтижелері XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының қалыптасуы қоғамның әлеуметтік-мәдени трансформациясының маңызды құрамдас бөлігі болғанын көрсетеді. Зиялы қауым ағартушы, дәстүрлі құрылымды сынға алушы және жаңа мәдени бағдарлардың тасымалдаушысы қызметін атқарып, ұлттық сананың қалыптасуы мен қоғамдық модернизация үдерістеріне негіз қалады.

#### *Талқылау*

XX ғ. басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени трансформациясының тарихнамасы айтарлықтай эволюциядан өтті. Егер кеңестік кезеңде өзгерістер көбіне «жалпы ресейлік кеңестікке кірігу» аясындағы әлеуметтік-экономикалық модернизацияның заңды нәтижесі ретінде түсіндірілсе, посткеңестік және әсіресе қазіргі зерттеулерде көпфакторлы талдау басымдық ала бастады. Бұл бағытта отарлық саясаттың ықпалы, ішкі реформаторлық серпін, білім беру саласындағы өзгерістер және қоғамдық пікір кеңістігінің қалыптасуы өзара байланыста қарастырылады.

М.К. Қозыбаев XX ғ. басындағы әлеуметтік өзгерістерді дәстүрлі құрылымның дағдарысы және қоғамдық сананың жаңа формаларының қалыптасуы тұрғысынан талдаған. Ол модернизация үдерісі құндылықтық бағдарлардың өзгеруімен, ру-тайпалық реттеу механизмдерінің әлсіреуімен және білімнің рөлінің артуымен қатар жүргенін атап көрсетеді [1]. К.Н. Нұрпейісов «Алаш» қозғалысын зерттеу барысында әлеуметтік-мәдени трансформация жаңа саяси белсенді зиялы қауымның қалыптасуымен тығыз байланысты болғанын дәлелдейді [2]. Оның тұжырымында мәдени жаңғыру мен саяси ұйымдасу өзара ажырамас үдерістер ретінде қарастырылады: мәдени модернизация ұлттық консолидацияның негізін қалады. М.Қ. Қойгелдиев бұл бағытты жалғастырып, трансформацияны дәстүрлі құндылықтар мен модернизациялық идеяларды синтездей алған ағартушы элитаның қызметімен байланыстырады. Оның еңбегінде XX ғ. басындағы зиялылардың өткенмен үзілу емес, оны қайта пайымдау логикасында әрекет еткені атап көрсетіледі [27]. Осылайша, қазақстандық тарихнамада әлеуметтік-мәдени трансформацияны тек сыртқы ықпалдың нәтижесі емес, ішкі жаңғыру мен бейімделудің күрделі үдерісі ретінде түсіндіру үрдісі қалыптасты.

Қазіргі кезеңде жәдидизмді зерттеу ерекше орын алады. Бұрын ол негізінен діни-ағартушылық қозғалыс ретінде сипатталса, қазіргі зерттеулерде жәдидизм кешенді мәдени жоба ретінде қарастырылады. Қазіргі қазақстандық зерттеушілер бұл тұжырымды Дала өңірінің ерекшеліктерін ескере отырып нақтылайды. Г. Батырбекқызы, С. Шылмамбетов және А. Идрисова жәдидизм Қазақстанда әлеуметтік-саяси белсенділіктің және жаңа қоғамдық ортаның қалыптасу факторы ретінде қарастырған [28]. Авторлар жаңа мектептердің тек білім беру мекемесі ғана емес, сонымен қатар қоғамдық коммуникация орталығы болғанын дәлелдейді.

Ал Р.Д. Кубеев, К.М. Мурзаходжаев, Б.Б. Бурхановтың дәстүрлі қадымдық мектеп, орыс-туземдік модель және жаңа мектеп арасындағы бәсекелестікті талдайды. Олардың қорытындысы бойынша, Даладағы білім беру модернизациясы гибридтік сипатта болды: ол империялық әкімшілік бастамалар мен ішкі реформаторлық жобалардың тоғысуы нәтижесінде жүзеге асты [29]. Бұл мақаланың авторлары XX ғ. басындағы қазақ көшбасшылары мен зиялыларының қалыптасуын ең

алдымен білім беру мобильділігі мен мәдени трансформация тұрғысынан қарастырады. Бұрынғы зерттеулерде негізгі назар саяси белсенділікке немесе ұлттық қозғалысқа дербес құбылыс ретінде аударылса, бұл зерттеуде жаңа элитаның қалыптасуында білім беру инфрақұрылымының басымды рөлі дәлелденеді. Авторлар жаңа қоғамдық топтың қалыптасуындағы шешуші фактор ретінде орыс-қазақ мектептері, мұғалімдер семинариялары және қалалық оқу орындары желісінің кеңеюін атап көрсетеді. Олардың пікірінше, дәл осы білім беру жүйесі арқылы қазақ қоғамы өкілдерінің дәстүрлі ру-тайпалық құрылым шеңберінен шығуы жүзеге асты. Білім тек кәсіби даярлықты ғана қамтамасыз етіп қоймай, жазба мәдениетті меңгеруге, көпшілік алдында пікір білдіруге және әкімшілік тілде сөйлеуге мүмкіндік берді. Авторлар мерзімді баспасөз бен қоғамдық коммуникацияның рөліне ерекше назар аударады. Яғни білім беру жүйесі қоғамдық пікірталасқа қатысу қабілетін қалыптастырып, жаңа типтегі көшбасшылардың — редакторлар, публицистер, қоғамдық қайраткерлердің пайда болуына негіз қалады.

Жоғарыда аталған авторлардың көзқарастарын салыстырсақ, Б. Батырбекқызы, С. Шылмамбетов және А. Идрисова еңбегінде әлеуметтік-саяси белсенділікке назар аударылғанын, ал Р.Д. Қубеев, К.М. Мурзаходжаев, Б.Б. Бурхановтың зерттеуінде институционалдық бәсекелестікке мән берілгенін аңғаруға болады. Бұл еңбектер жиынтығы жәдидизмді әлеуметтік-мәдени трансформацияның жүйекұраушы элементі ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қазіргі зерттеулердің тағы бір маңызды бағыты — мерзімді баспасөзді қоғамдық дискурстың қалыптасу кеңістігі ретінде қарастырумен байланысты. Мысалы, Н. Дүйсембаева «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетін ұлттық сананың қалыптасуы мен ағартушылық идеялардың таралуының маңызды тетігі ретінде сипаттайды [30]. Автор «Айқаптың» біртіндеп әлеуметтік реформаны қолдағанын, ал «Қазақтың» ұлттық консолидацияға бағытталғанын атап көрсетеді.

Шетелдік тарихнамада XX ғ. басындағы қазақ даласындағы әлеуметтік-мәдени өзгерістер «империялық бетбұрыс» аясында қарастырылады және бұл бағытта негізгі назар билік пен құқықтың институционалдық қайта құрылуына аударылады. Мысалы, В. Мартин өзінің монографиясында империялық заңнаманың әдет-ғұрып пен жер қатынастары саласына араласуы әлеуметтік реттеу механизмдерінің өзгеруіне және дәстүрлі институттардың автономиясының әлсіреуіне әкелгенін көрсетеді [31; 12]. Автордың қорытындысы бойынша, құқықтық режимдердің трансформациясы Дала қоғамының әлеуметтік құрылымын терең өзгерткен фактор болды [31; 186–194]. Жалпы алғанда, В. Мартин еңбегі қазақ даласындағы әлеуметтік трансформацияны құқықтық-институционалдық өзгерістер арқылы түсіндіруге бағытталған және оның басты тезисі — отарлық ықпал тек саяси бақылаумен шектелмей, құқықтық нормаларды қайта құрылымдау арқылы әлеуметтік қатынастардың ішкі логикасын өзгерткендігімен байланысты. Автор әдет-ғұрыптың кодификациялануы мен империялық сот тәжірибесінің енгізілуін «бейтарап әкімшілік шара» ретінде емес, биліктің жаңа архитектурасын қалыптастыру құралы ретінде қарастырады. Бұл үдеріс дәстүрлі билер институтының мәртебесіне, ұжымдық жауапкершілік формаларына және жер пайдалану қатынастарына тікелей әсер етті. В. Мартин көрсеткендей, құқықтық режимдердің трансформациясы әлеуметтік иерархияның қайта құрылуына алып келді: билік енді тек ру-тайпалық беделге емес, империялық әкімшілікпен байланысқа тәуелді бола бастады. Әдіснамалық тұрғыдан ол микротарих және құқықтық талдау тәсілдерін ұштастырады, ол нақты сот істері мен әкімшілік құжаттарға сүйене отырып, «төменгі деңгейдегі» әлеуметтік өзгерістерді реконструкциялайды. Осы арқылы автор мәдени трансформацияны идеялар эволюциясынан емес, институционалдық қысым мен құқықтық тәжірибелердің өзгеруінен туындайтын құбылыс ретінде түсіндіреді.

А. Морисон деген шетелдік зерттеуші Орталық Азияны жаулап алу және империялық кеңістікке интеграциялау үдерістерін кең ауқымда талдап, әскери-әкімшілік экспансияны тек геосаяси акт емес, басқару инфрақұрылымын құру үдерісі ретінде қарастырады. Автордың пайымдауынша, империялық модернизация мәдени өзгерістерден бұрын әкімшілік және логистикалық құрылымдардың қалыптасуымен анықталды. Яғни әлеуметтік және мәдени трансформациялар империя құрған коммуникациялық және әкімшілік желілер аясында жүзеге асты. Атап айтқанда, әскери бекіністер, көлік жолдары, губерниялық басқару жүйесі және шекаралық режимдер жаңа әлеуметтік мүмкіндіктер мен шектеулерді қалыптастырды және осы инфрақұрылым арқылы ресурстарды бөлу, білім беру бастамалары және құқықтық реттеу жүзеге асырылды [32].

Осылайша, екі автор да қазақ қоғамының трансформациясын империялық контекстпен байланыстырады, бірақ талдау деңгейі мен акценттері әртүрлі: В. Мартин — құқықтық тәжірибе мен әлеуметтік реттеу механизмдерінің өзгеруіне назар аударады, ал А. Морисон — әскери-әкімшілік

инфрақұрылымның құрылуы мен империялық кеңістіктің қалыптасуын негізгі фактор ретінде қарастырады.

Жәдидизмді интерпретациялау мәселесі тарихнамада маңызды теориялық түйіндердің бірі. Әсіресе ХХ ғ. басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени трансформациясын түсіндіруде бұл ұғымның қолданылу шекарасы мен мазмұны айрықша мәнге ие. Осы тұрғыда шетелдік зерттеушілер, А. Халид пен А.Ж. Франк еңбектері бір-бірін толықтыра отырып, сонымен қатар методологиялық тұрғыдан әртүрлі позиция ұсынады. Атап айтқанда, А. Халид жәдидизмді кеш империялық кезеңдегі мұсылман қоғамдарының мәдени реформасының кешенді жобасы ретінде қарастырады. Оның тұжырымдамасында жәдидизм тек педагогикалық жаңалық емес, әлеуметтік субъектіні қайта құрастыру үдерісі болып табылады. Автордың пайымдауынша, «жаңа әдіс» мектебі (усул-и жадид) арқылы оқу үдерісінің мазмұны өзгерді, зайырлы пәндер енгізілді, жазба мәдениет пен баспасөз кеңістігі кеңейді, қоғамдық мораль мен ұжымдық бірегейлік жаңа негізде қайта пайымдалды. А. Халид жәдидизмді модернизациялық дискурстың ішкі формасы ретінде сипаттайды, яғни өзгерістер сыртқы әкімшілік қысымның салдары ғана емес, мұсылман интеллигенциясының саналы мәдени реформасының нәтижесінде жүзеге асырылды. Оның зерттеуінде жәдидизм ұлттық өзіндік сананың қалыптасуына ықпал еткен құрылымдық фактор ретінде бағаланады [33].

Ал А.Ж. Франк жәдидизм ұғымын қазақ контекстінде қолданудың ғылыми негізділігін сын тұрғысынан бағалайды. Оның пікірінше, «қазақ жәдидтері» деген категория көбіне ретроспективті жалпылаудың нәтижесі және нақты институционалдық критерийлерге сүйенбей қалыптасқан. Автор жәдидизмді анықтауда келесі өлшемдердің болуын талап етеді: жаңа тәсілдік мектептердің тұрақты және кең желісі; реформаторлық бағдарламаның институционалдық бекітілуі; жәдидтік баспасөз инфрақұрылымы; өзіндік идентификацияның айқын көрінісі. Осы критерийлер тұрғысынан қарастырғанда, қазақ даласында реформаторлық бастамалар болғанымен, оларды толыққанды ұйымдасқан жәдидтік қозғалыс деп атау әіснамалық тұрғыдан күмәнді деп есептейді, ол аймақтық ерекшеліктерді ескермей, жәдидизмді әмбебап үлгі ретінде қолдану тарихи шындықты қарапайымдандыруға әкеледі деген қорытындыға келеді [34]. Дегенмен, екі автор да білім беру реформасының шешуші рөлін мойындайды, жәдидизмді тек діни емес, мәдени құбылыс ретінде түсіндіреді, жаңа интеллигенцияның қалыптасуын маңызды нәтиже ретінде бағалайды.

Осылайша, алынған нәтижелерді қазіргі тарихнамалық дискурспен салыстыру ХХ ғ. басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени трансформациясын түсіндіруде бірнеше әіснамалық бағыттың тоғысатынын көрсетеді. Қазақстандық зерттеулерде бұл үдеріс көбіне ішкі реформаторлық серпін мен ағартушы элитаның қызметімен байланыстырылса, шетелдік тарихнамада империялық институттардың құрылымдық ықпалына басымдық беріледі. Осы екі бағыттың арақатынасы зерттеліп отырған құбылыстың күрделілігін айқындайды. Атап айтқанда, отандық авторлар модернизацияны дәстүрлі қоғамның ішкі эволюциясы, білім беру жүйесінің кеңеюі және қоғамдық сананың өзгеруі арқылы түсіндіреді. Ал шетелдік ғалымдар әлеуметтік трансформация құқықтық реформалар мен әскери-әкімшілік инфрақұрылымның қалыптасуымен байланыстырылады. Бұл екі бағытты ұштастыру трансформацияны әрі институционалдық, әрі мәдени үдеріс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

### *Қорытынды*

ХХ ғ. басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-мәдени трансформациясы күрделі, көпқабатты және өзара ықпалдасқан факторлардың ықпалымен жүзеге асқанын көруімізге болады. Бұл үдеріс бір жағынан империялық әкімшілік-құқықтық кеңістіктің кеңеюімен, екінші жағынан қоғамның ішкі жаңғыру әлеуетімен айқындалды. Дәстүрлі әлеуметтік реттеу механизмдерінің әлсіреуі, басқарудың жазбаша формаларының орнығуы және қоғамдық коммуникация арналарының өзгеруі әлеуметтік құрылымның жаңа конфигурациясын қалыптастырды.

Зерттеу нәтижелері мәдени трансформацияның негізгі бағыттары ретінде білім беру институттарының кеңеюін, жазбаша мәдениеттің нығаюын және мерзімді баспасөздің қалыптасуын айқындайды. Бұл құбылыстар әлеуметтік мәртебенің дәстүрлі негіздерінен білім мен интеллектуалдық капиталға негізделген жаңа өлшемдерге көшуге жағдай жасады. Сонымен қатар, мектеп желісінің өсуіне қарамастан, білім берудің аумақтық және гендерлік шектеулері оның жаппай сипат алуына кедергі келтіргені байқалады.

Жәдидизм идеялары ішкі модернизациялық серпіннің маңызды құрамдас бөлігі ретінде көрініс тапты. Мұсылман мектебін реформалау, оқыту әдістемесінің жаңаруы және оқу әдебиеттерінің пайда

болуы мәдени кеңістіктің құрылымын өзгертті. Бұл өзгерістер жаңа әлеуметтік топ — білімді зиялылардың қалыптасуына ықпал етті. Зиялы қауым қоғамдық пікірді қалыптастырушы және дәстүр мен жаңашылдық арасындағы делдал рөлін атқарды.

Сондықтан XX ғ. басындағы қазақ қоғамындағы әлеуметтік-мәдени трансформацияны институционалдық қайта құрулар мен ішкі мәдени жаңғырудың өзара байланысы нәтижесінде қалыптасқан тарихи құбылыс ретінде қарастыру орынды. Бұл үдеріс үзіліс сипатында емес, бейімделу мен қайта пайымдау логикасында жүзеге асып, ұлттық сананың және қоғамдық модернизацияның алғышарттарын қалыптастырды.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қозыбаев М.Қ. Тарих және қазіргі заман / М.Қ. Қозыбаев. — Алматы: Ғылым, 1991. — 320 б.
- 2 Нұрпейісов К.Н. Алаш және Алаш–Орда / Нұрпейісов К. Н. — Алматы: Ататек, 1995. — 368 б.
- 3 «Айқап» журналы. — 1912. — № 3. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://kazneb.kz>
- 4 Центральный государственный архив Республики Казахстан (далее — ЦГА РК). — Ф. 369. — Т. 1. — Д. 201. — Л. 4–6.
- 5 «Қазақ» газеті. — 1914. — № 10. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://kazneb.kz>
- 6 ЦГА РК. — Ф. 25. — Т. 1. — Д. 104. — Л. 9–12.
- 7 «Айқап» журналы. — 1913. — № 7. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://kazneb.kz>
- 8 «Қазақ. — 1915. — № 32. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://kazneb.kz>
- 9 «Айқап» журналы. — 1912. — № 5. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://kazneb.kz>
- 10 Байтұрсынов А. Избранные труды / А. Байтұрсынов. — Алматы: Ғылым, 1989. — 280 с.
- 11 «Қазақ» газеті. — 1914. — № 14. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://kazneb.kz>
- 12 ЦГА РК. — Ф. 369. — Т. 1. — Д. 145. — Л. 12–18.
- 13 ЦГА РК. — Ф. 25. — Т. 1. — Д. 278. — Л. 3–9.
- 14 Обзор Акмолинской области за 1902 год. — Омск: Типография Акмолинского областного правления, 1903. — 168 с.
- 15 Обзор Акмолинской области за 1905 год. — Омск: Типография Акмолинского областного правления, 1906. — 214 с.
- 16 Обзор Тургайской области за 1913 год. — Оренбург: Типография Тургайского областного правления, 1914. — 238 с.
- 17 Обзор Семиреченской области за 1905 год. — Верный: Типография Семиреченского областного правления, 1906. — 201 с.
- 18 Обзор Семиреченской области за 1913 год. — Верный: Типография Семиреченского областного правления, 1915. — 267 с.
- 19 Khasanov A.K. Jadid's school in Turkestan [Electronic resource] / A.K. Khasanov // European Science Methodical Journal. — 2024. — Vol. 2. — Iss. 6. — Access mode: <https://europeanscience.org/index.php/3/article/download/780/753/1522>
- 20 Марданшин М. Система мусульманского образования [Электронный ресурс] / М. Марданшин. — Режим доступа: <https://www.minbar.su/jour/article/download/43/43>
- 21 Шарипов А.А. Роль медресе «Хусаиния» в системе российского исламского образования / А.А. Шарипов // Интеллект. Инновации. Инвестиции. — 2014. — № 2. — С. 84–87.
- 22 Маралбек Е. Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (1912–1928) басылымдары. Библиографиялық, типографиялық ерекшелік / Е. Маралбек // Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2025. — № 1. — Б. 78–88.
- 23 ЦГА РК. — Ф. 25. — Оп. 1. — Д. 134. — Л. 8–11.
- 24 Дулатов М. Оян, қазақ! / М. Дулатов. — Оренбург, 1909. — 96 с.
- 25 Абашин С.Н. Национализм в Средней Азии: в поисках идентичности / С.Н. Абашин. — М.: Новое литературное обозрение, 2007. — 304 с.
- 26 Российский государственный исторический архив (РГИА). — Ф. 821. — Оп. 150. — Д. 367. — Л. 9–13.
- 27 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы / М. Қойгелдиев. — Алматы: Мектеп, 2017. — 656 б.
- 28 Батырбекқызы Г. Қазақстанда XX ғасыр басындағы жәдитшілік бағыттың қалыптасуы және әлеуметтік-саяси белсенділігі / Г. Батырбекқызы, С. Шылмамбетов, А. Идрисова // Asian Journal «Steppe Panorama». — 2024. — Т. 11, № 4. — Б. 840–853.
- 29 Кубеев Р.Д. Русско-туземные и новометодные школы Российской империи как ответ на кризис традиционного образования в Казахской степи (конец XIX – начало XX вв.) / Р. Д. Кубеев, К. М. Мурзаходжаев, Б. Б. Бурханов // Былые годы. — 2023. — № 18 (3). — С. 1253–1262.

- 30 Дуйсембаева Н. Журнал «Айқап» и газета «Қазақ» как фактор формирования национального самосознания / Н. Дуйсембаева // Вестник КазНПУ им. Абая. — 2020. — № 2. — С. 295–301.
- 31 Martin V. Law and Custom in the Steppe: The Kazakhs of the Middle Horde and Russian Colonialism in the Nineteenth Century / V. Martin. — Richmond: Curzon Press, 2001. — 256 p.
- 32 Morrison A. The Russian Conquest of Central Asia: A Study in Imperial Expansion, 1814–1914 / A. Morrison. — Cambridge: Cambridge University Press, 2021. — 612 p.
- 33 Khalid A. The Politics of Muslim Cultural Reform: Jadidism in Central Asia / A. Khalid. — Berkeley: University of California Press, 1998. — 400 p.
- 34 Frank A.J. Who Were the Kazakh Jadids? / A.J. Frank // Journal of Central Asian History. — 2024. — Vol. 5, No. 2. — P. 143–180.

И.Б. Бектаева, Г.К. Жапекова, Р. Дрозд, Б.Н. Абдрахманов

## **Трансформация традиционного казахского общества в начале XX века: социально-культурные аспекты**

Статья посвящена анализу социально-культурного аспекта трансформации казахского общества в начале XX века — периода, характеризующегося интенсивными модернизационными процессами и формированием новых форм общественного сознания. В условиях включения казахских степей в административное, экономическое и культурное пространство Российской империи традиционная система социальных отношений и ценностей подверглась существенным изменениям. В статье особое внимание уделяется изменениям в сфере культуры, образования, идентичности и общественной мысли, отражающим переход от традиционной модели общества к модернизированной форме социального устройства. Авторы рассматривают процессы трансформации родоплеменной идентичности, эволюции механизмов социализации и изменения роли традиционных институтов в условиях распространения письменной культуры и роста уровня образования. Анализируется влияние русско-казахской системы обучения, деятельности мусульманских учебных заведений и реформаторских идей казахской интеллигенции на формирование нового культурного пространства. Показано, что образование и просвещение выступали ключевыми инструментами социальной модернизации и осмысления культурных изменений. Особое место в исследовании занимает анализ публицистики и периодической печати начала XX века, в которых нашли отражение дискуссии о путях развития казахского общества, роли национального языка, соотношении традиционных ценностей и модернизационных установок. Эти источники позволяют выявить процессы становления национального самосознания и формирования новой социальной идентичности, основанной не на родовой принадлежности, а на культурно-национальных признаках. В заключение статьи делается вывод о том, что социально-культурная трансформация казахского общества в начале XX в. носила сложный и противоречивый характер, сочетая элементы традиционности и модернизации. Данный период заложил основы для дальнейших социально-культурных изменений и сыграл важную роль в формировании казахской национальной идентичности в последующие десятилетия.

*Ключевые слова:* казахское общество, начало XX века, социально-культурная трансформация, национальное самосознание, модернизация, интеллигенция, образование, периодическая печать, журнал «Айқап», газета «Қазақ».

I.B. Bektaeva, G.K. Zhapekova, R. Drozd, B.N. Abdrakhmanov

## **The Transformation of Traditional Kazakh Society in the Early Twentieth Century: Socio-Cultural Aspects**

The article is devoted to an analysis of the socio-cultural dimension of the transformation of Kazakh society in the early twentieth century — a period characterized by intensive modernization processes and the emergence of new forms of public consciousness. As the Kazakh steppe was incorporated into the administrative, economic, and cultural space of the Russian Empire, the traditional system of social relations and values underwent significant changes. The study pays particular attention to transformations in the spheres of culture, education, identity, and public thought, which reflect the transition from a traditional social model to a modernized form of social organization. The authors examine the transformation of clan and tribal identity, the evolution of mechanisms of socialization, and the changing role of traditional institutions in the context of the spread of written culture and the growth of educational attainment. The article analyzes the influence of the Russian-Kazakh educational system, the activities of Muslim educational institutions, and the reformist ideas of the Kazakh intelligentsia on the formation of a new cultural space. It is demonstrated that education and enlightenment functioned as key instruments of social modernization and of interpreting cultural change.

Special attention is given to the analysis of publicist writings and periodical press of the early twentieth century, where debates on the paths of Kazakh societal development, the role of the national language, and the relationship between traditional values and modernizing orientations were articulated. These sources make it possible to identify the processes of the formation of national self-consciousness and the emergence of a new social identity based not on clan affiliation but on cultural and national characteristics. The article concludes that the socio-cultural transformation of Kazakh society in the early twentieth century was complex and contradictory in nature, combining elements of tradition and modernization. This period laid the foundations for subsequent socio-cultural changes and played a significant role in shaping Kazakh national identity in the decades that followed.

*Keywords:* Kazakh society, early twentieth century, socio-cultural transformation, national self-consciousness, modernization, intelligentsia, education, periodical press, Aiqap journal, Qazaq newspaper.

## References

- 1 Kozybaev, M.K. (1991). *Tarikh zhane qazirgi zaman* [History and modern times]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 2 Nurpeisov, K.N. (1995). *Alash zhane Alash-Orda* [Alash and Alash-Orda]. Almaty: Atatek [in Kazakh].
- 3 (1912). «*Aiqap*» zhurnaly — *Journal “Aiqap”*, 3. Retrieved from <https://kazneb.kz> [in Kazakh].
- 4 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 369. — T. 1. — D. 201. — L. 4–6 [in Russian].
- 5 (1914). «*Qazaq*» gazetі — *Newspaper “Qazaq”*, 10. Retrieved from <https://kazneb.kz> [in Kazakh].
- 6 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 25. — T. 1. — D. 104. — L. 9–12 [in Russian].
- 7 (1913). «*Aiqap*» zhurnaly — *Journal “Aiqap”*, 7. Retrieved from <https://kazneb.kz> [in Kazakh].
- 8 (1915). «*Qazaq*» gazetі — *Newspaper “Qazaq”*, 32. Retrieved from <https://kazneb.kz> [in Kazakh].
- 9 (1912). «*Aiqap*» zhurnaly — *Journal “Aiqap”*, 5. Retrieved from <https://kazneb.kz> [in Kazakh].
- 10 Baitursynov, A. (1989). *Izbrannye Trudy* [Selected works]. Almaty: Gylym [in Russian].
- 11 (1914). «*Qazaq*» gazetі — *Newspaper “Qazaq”*, 14. Retrieved from <https://kazneb.kz> [in Kazakh].
- 12 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 369. — T. 1. — D. 145. — L. 12–18 [in Russian].
- 13 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 25. — T. 1. — D. 278. — L. 3–9 [in Russian].
- 14 (1903). *Obzor Akmolinskoi oblasti za 1902 god* [Overview of the Akmola region for 1902]. Omsk: Tipografiia Akmolinskogo oblastnogo pravleniia [in Russian].
- 15 (1906). *Obzor Akmolinskoi oblasti za 1905 god* [Overview of the Akmola region for 1905]. Omsk: Tipografiia Akmolinskogo oblastnogo pravleniia [in Russian].
- 16 (1914). *Obzor Turgaiskoi oblasti za 1913 god* [Overview of Turgai region for 1913]. Orenburg: Tipografiia Turgaiskogo oblastnogo pravleniia [in Russian].
- 17 (1906). *Obzor Semirechenskoi oblasti za 1905 god* [Overview of Semirechenskoy region for 1905]. Vernyi: Tipografiia Semirechenskogo oblastnogo pravleniia [in Russian].
- 18 (1915). *Obzor Semirechenskoi oblasti za 1913 god* [Overview of Semirechenskoy region for 1913]. Vernyi: Tipografiia Semirechenskogo oblastnogo pravleniia [in Russian].
- 19 Khasanov, A.K. (2024). Jadid’s school in Turkestan. *European Science Methodical Journal*, 2, Issue 6. Retrieved from <https://europeanscience.org/index.php/3/article/download/780/753/1522>
- 20 Mardanshin, M. Sistema musulmanskogo obrazovaniia [The system of Muslim education]. *minbar.su*. Retrieved from <https://www.minbar.su/jour/article/download/43/43> [in Russian].
- 21 Sharipov, A.A. (2014). Rol medrese «Khusainiia» v sisteme rossiiskogo islamskogo obrazovaniia [The role of the madrasa “Husainiya” in the system of Russian Islamic education]. *Intellekt. Innovatsii. Investitsii — Intelligence. Innovation. Investment*, 2, 84–87 [in Russian].
- 22 Maralbek, E. (2025). Akhmet Baitursynulynyn «Oqu quraly» (1912–1928) basylymdary. Bibliografiialyq, tipografiialyq erekshelik [Publications of Akhmet Baitursynuly “Textbook” (1912–1928). Bibliographical, typographical features]. *Qazaq ul'tyq universitetinin khabarshysy. Filologiya seriyasy — Bulletin of the Kazakh National University. Philology series*, 1, 78–88 [in Kazakh].
- 23 TsGA RK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 25. — Op. 1. — D. 134. — L. 8–11 [in Russian].
- 24 Dulatov, M. (1909). *Oian, qazaq!* [Wake up, Kazakh!]. Orenburg [in Kazakh].
- 25 Abashin, S.N. (2007). *Natsionalizm v Srednei Azii: v poiskakh identichnosti* [Nationalism in Central Asia: in search of identity]. Moscow: Novoe literaturnoe obozrenie [in Russian].
- 26 Rossiiskii gosudarstvennyi istoricheskii arkhiv (RGIA) [Russian State Historical Archives]. — F. 821. — Op. 150. — D. 367. — L. 9–13 [in Russian].
- 27 Koigeldiev, M. (2017). *Alash qozgalysy* [Alash movement]. Almaty: Mektep [in Kazakh].

- 28 Batyrbekqyzy, G., Shylmambetov, S., & Idrisova A. (2024). Qazaqstanda XX gasyr basyndagy zhaditshilik bagyttyn qalyptasuy zhane aleumettik-saiasi belsendiligi [The formation and socio-political activity of the ethnographic direction in Kazakhstan at the beginning of the 20th century]. *Asian Journal “Steppe Panorama”*, 11, 4, 840–853 [in Kazakh].
- 29 Kubeyev, R. D., Murzakhodzhaev, K. M., & Burkhanov, B. B. (2023). Russko-tuzemnye i novometodnye shkoly Rossiiskoi imperii kak otvet na krizis traditsionnogo obrazovaniia v Kazakhskoi stepi (konets XIX – nachalo XX vv.) [Russian-native and new-method schools of the Russian Empire as a response to the crisis of traditional education in the Kazakh steppe (late 19th – early 20th centuries)]. *Bylye gody — Russian Historical Journal*, 18(3), 1253–1262 [in Russian].
- 30 Duisembaeva, N. (2020). Zhurnal «Aiqa» i gazeta «Qazaq» kak faktor formirovaniia natsionalnogo samosoznaniia [Magazine “Ayqa” and newspaper “Qazaq” as a factor in the formation of national identity]. *Vestnik Kazakhskogo Nacionalnogo Pedagogicheskogo Universiteta imeni Abaia — Bulletin of the Kazakh National Pedagogical University named after Abay*, 2, 295–301 [in Russian].
- 31 Martin, V. (2001). *Law and Custom in the Steppe: The Kazakhs of the Middle Horde and Russian Colonialism in the Nineteenth Century*. Richmond: Curzon Press.
- 32 Morrison, A. (2021). *The Russian Conquest of Central Asia: A Study in Imperial Expansion, 1814–1914*. Cambridge: Cambridge University Press.
- 33 Khalid, A. (1998). *The Politics of Muslim Cultural Reform: Jadidism in Central Asia*. Berkeley: University of California Press.
- 34 Frank, A. J. (2024). Who Were the Kazakh Jadids? *Journal of Central Asian History*, 5, 2, 143–180.

#### Авторлар туралы мәліметтер

**Бектаева Индира** — PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0006-1304-3175>

**Жапекова Гүльфайрус** — т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-1090-8373>

**Дрозд Роман** — т.ғ.д., профессор, Помор университеті, Слупск, Польша, <https://orcid.org/0000-0003-0169-7295>

**Абдрахманов Бауржан** — т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Ө. Марғұлан университеті, Павлодар, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-7147-4391>

#### Information about the authors

**Bektayeva Indira** — PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; <https://orcid.org/0009-0006-1304-3175>

**Zhapekova Gulfairus** — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; <https://orcid.org/0000-0003-1090-8373>

**Drozd Roman** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Pomor University, Slupsk, Poland; <https://orcid.org/0000-0003-0169-7295>

**Abdrakhmanov Baurzhan** — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Margulan University, Pavlodar, Kazakhstan; <https://orcid.org/0000-0001-7147-4391>